

## 2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 4 ақпандағы № 54 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен 2013 жылғы 21 ақпанда № 2238 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімі аппаратының 2014 жылғы 20 қаңтардағы № 128 хатымен )

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімі аппаратының 20.01.2014 № 128 хатымен).**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережесінің 8-тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және олардың қаржыландырудың көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтардың еңбекақысы айына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері көлемінде бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Б. Пармановқа** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі **Ә.Мақұлбаев**  
Сарыағаш ауданы әкімдігінің  
2013 жылғы 04 ақпандағы  
№ 54 қаулысымен бекітілген

**2013 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі,  
қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және олардың қаржыландырудың  
көздері**

к/с	Ұйымдардың атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Адам саны	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қаржыландыру көздері
1	Қала, поселке, ауыл және ауылдық округтері әкімдерінің аппараты	көркейту, көгалдандыру, аймақтарды тазалау	542	185 гектар	аудандық бюджет
		мұрағатқа тапсырылатын құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту, тарату	30	30000 дана	аудандық бюджет
2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі	«Қарулы Күштері қатарына шақыру бойынша тұрғындармен жұмыс, шақыру қағаздарын жеткізу»	8	26 ауылдық округ аумағында	аудандық бюджет
3	«Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі істер Департаментінің Сарыағаш ауданының ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі	жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмысын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың арасында құқықты бұзуды алдын алу («Сақшы» және «Тәртіп»)	120	Сарыағаш қаласы, Абай ауылы, Көктерек поселкесі және Әлімтау, Жылға, Дарбаза, Құркелес, Жарты төбе, Қабланбек, Жібек жолы, Дербісек, Жемісті, Қызылжар, Ақжар, Тегішіл, Ақтөбе, Алпамыс батыр, Бірлесу, Бірлік, Біртілек, Бозай, Жамбыл, Жүзімдік, Қошқарата, Ошақты, Ұшқын ауылдық округтерінің аумағында	аудандық бюджет
	Жалпы		700		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК